

Ізбасаров Айберген Шомақұлы = 70 жаста!



Аса құрметті, ардақты асқар таудай әкеміз Ізбасаров Айберген Шомақұлын туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 70 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. «Қарты бар ел – қазынасы бар ел» деген сөз бар халқымызда. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз.

Ата-анадан алған өнегелі тәрбие, елге деген адал еңбегіңіз, мамандыққа деген тазалық – өзіңіз, отбасыңыз үшін ғана емес, қатар жүрген тілеулес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ өрен үшін нағыз өмір мектебі деп айтуға болады. Әкем мен анам біздердің жоғары білім алып, өмірге адам болып қалыптасуымызға ықпал еткені анық. Бүгінде сол мамандықтарымыз бойынша абыройлы еңбек етіп келеміз. Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, бүгінде олардан немере-жиендер сүйіп отырған ата-әже. Әкем мен анамның өмірі ұрпақтарына өнеге екені хақ.

Ұстаз – ұлағатты ұлы тұлға. Әкемнің өмір жолы ұстаздықпен өрілген. «Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» деген. Тарих пәні мұғалімі ретінде жоғары санат иеленді. Сонымен қатар педагогикалық саладағы үздік қызметі үшін омырауындағы «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісі осының айғағы. Біршама жылдар ауыл әкімі қызметінде болып, облыс әкімі жариялаған «Үздік село» конкурсының жүлдегері болдыңыз. Осы жетістігіңізбен ғаламтор желісі арқылы Сарға ауылын әлем таныды.

Облыстық деңгейдегі «Салауатты ауыл» конкурсында да жүлделі екінші орын алдыңыз. Сіз жұмыс істеген жылдары «Қазақстан» телеарнасы үлгілі ауыл ретінде «Сары белдегі – Сарға ауылы» қысқа метражды деректі фильмін түсіріп, ауылдың тыныс-тіршілігі туралы ақпарат бүкіл қазақ еліне тарайды. Сіз ауыл әкімі болып қызмет еткен 8 жылдан астам қажырлы еңбегіңіздің арқасында ауылдың өркендеуіне елеулі үлес қостыңыз.

Мектеп басшысы болған жылдарыңызда бітіруші түлектеріңіздің жартысы білім грантын жеңіп алды. Бұл да ұйымдастырушылық қабілетіңіздің бір қыры.

Әкем «Бейне ауданының құрметті азаматы», сонымен қатар «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері». Бірнеше мерекелік медальмен марапатталған.

Құрметті демалысқа шыққаннан кейін екі кітапты жазып шығарды. Бірі «Медет – Ізбасар әулеті» атты шежіре болса, екіншісі «Сары белдегі Сарға ауылы» атты кітабын ауылдың 50 жылдық мерейтойына тарту етті. Осы екі кітап та – ұрпақ үшін танымдық дүние.

Әкешім алып бәйтеректей жапырағыңыз жайқалып, әулетіміздің ұйытқысы болып, жүз жасаңыз. Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, отбасыңызға береке, амандық тілейміз. Өмір атты көш керуенде көрер қызығыңыз мол, ұл-қыздарыңыздың толағай табыстарын, немере-жиендеріңіздің риясыз шат күлкісін қызықтап, әдемі картаюды анам екеуіңізге Алла нәсіп етсін!

Парасатты, мейірімді тұлғаныңыздың алдында бар балаларыңыз бас иеді!

Ақ ниетпен, жарыңыз – Нұрболған, бала-кедіңіз – Аяжан-Айзада, кыз-күйеубалаларыңыз – Жомарт-Назгүл, Нұрлан-Айнұр, Нұрбол-Кәмшат, немере-жиендеріңіз.

Консультациялық пункттің жұмысы жалғасуда

«Манашы» бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына 2024-2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған балалардың ата-аналарына арналған білім беру ұйымдарының жанындағы консультациялық пункттердің қызметін ұйымдастыру бойынша жылдық жоспар құрылды.

Мақсатымыз – мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Бөбекжайымыздың консультациялық пунктінде мамандар мен педагогтер балаларды тәрбиелеу, дамыту және оқыту түрлері бойынша түрлі тренинг-гілер, кеңес беру, дөңгелек үстелдер ата-аналар және балалармен өткізілді. Қыркүйек айында педагог-психолог Г.Асабаева және медбике А.Қазиева «Кел, танысайық», «Бейімделу кезінде балалар денсаулығы» тақырыбында ата-аналарға тренинг өткізді. Қазан айында педагог-логопед А.Самбаева мен тәрбиеші

Қ.Төреханова «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту», «Отбасылық бақыт әліппесі» тақырыптарында кеңестер мен дөңгелек үстел өткізді. Қараша айында тәрбиеші Ж.Жұмашова мен дене шынықтыру маманы Н.Жұмабаева, «Көңілді достар» тақырыбында эстафеталық ойын өткізді. Желтоқсан айында педагог-логопед «Біз сауақтарды дамытамыз, сөйлеуді жақсартамыз», ал педагог-психолог Г.Асабаева «Сиқырлы алақандар» ойындарын өткізді. Консультациялық пункт 6 баланы қамтып отыр.

Гүлнұр АСАБАЕВА,
«Манашы» бөбекжайының педагог-психологі.

Балалармен демалысты ұйымдастыру

Баланы ашық ауада демалуға үйрету – ата-ананың міндеті. Ата-аналар баласына үлгі көрсетуі керек, сондықтан ең жақсы демалыс – бұл бүкіл отбасы. Егер сіз демалыс күндерін балаңызбен қалай көңілді және белсенді өткізуді білмесеңіз, бүкіл отбасы үшін ашық ауада демалудың 10 әдісін үйренуді ұсынамыз.

1. Жаю серуендеу. Демалудың ең қолжетімді түрі – жаю серуендеу. Таза ауа балалар ағзасына өте пайдалы, сонымен қатар белсенді спортқа үйренбеген баланы жақын маңдағы саябақта серуендеу шаршатайды.
2. Қалада немесе пикник. Мұндай ойын-сауық – баланы таза ауаға үйретудің тамаша тәсілі. Қызықты ойын ойлап табу жеткілікті.
3. Түнде серуендеу. Шатырда түнейтін бүкіл отбасымен ұзақ сапар. Егер сіз оған алдын ала дайындалсаңыз, балаға үлкен рахат әкеледі. Барлық қажетті заттармен бірге кешке шатырда ойнауға болатын бадминтон, волейбол және бірнеше үстел ойындарын әкеліңіз.
4. Маусымдық спорт. Маусымдық спорт жылдың кез келген уақытында көңілді және белсенді ойын-сауық болады. Жазда бүкіл отбасыңызбен велосипедпен немесе роликпен, ал қыста шаңғымен, конькимен немесе шамамен жүріңіз.
5. Бассейн. Жылдың кез келген уақытында баланың өзін бірге бассейнге баруға болады.

Ж.БАЙМҰХАНОВА,
№4 «Аққу» бөбекжайының әдіскері.
Ақтау қаласы.

Тату елдің шаңырағы биік, іргесі мықты

Тамыры тереңге жайылған татулық тірегінің ордасына айналған еліміздің бірлігі мен берекесі тарқаған емес. Ұлт пен ұлыстың татулығы бүгінде елдегі қоғамдық ынтымақтастықты сақтап отыр. Елімізде халықтың бірлігі бұзылмай, татулығы тарқамай өмір сүріп жатқандығы үлкен мақтаныш.

2024 жылдың 25 сәуіріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясы XXXIII сессиясының шешімі және Президент тапсырмаларын іске асыру барысын бақылау бойынша бекітілген 4.3-тармағына сәйкес «Елдесу және татуласу» жобасы аясында этномедиация саласындағы мамандарының тәжірибесін кеңінен тарату мақсатында Алматы облысы, Қонаев қаласында, Жамбыл облысы және Түркістан облыстарында Қазақстан халқы Ассамблеясының этномедиация кеңесінің отырысы өтті.

Іс-шараға Маңғыстау облысынан арнайы делегация барып аталған өңірлердің этномедиация саласындағы тәжірибесімен танысты. Отырысқа Маңғыстау облыстық мәслихатының төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының этномедиация кеңесінің төрағасы Жаңбырбай Матаев, Маңғыстау облыстық «Қоғамдық келісім» мекемесінің басшысы Аманкүл Жайылханова және облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, этномедиатор Тағи Тағиев қатысып өз ойларымен бөлісті.

Отырыста этномедиация саласында тәжірибе алмасып, елімізде этникалық бейбітшілікті сақтау мен нығайту жолдары талқыланды.

Бұл іс-шара Қазақстан халқы Ассамблеясының басты құндылықтарын – татулық, келісім және әр түрлі этностар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға арналған маңызды қадам болып табылады.

Тағи ТАҒИЕВ,
облыстық ҚХА мүшесі, этномедиатор.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Емір Ойл» ЖШС 30.01.2025 жылы сағат 15.00-де, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды а.о., Баянды ауылының ауылдық клуб ғимараты мекен-жайында «Емір кен орнындағы жер қойнауын пайдалану қызметінің салдарын жою» жобасы бойынша экологиялық бағалау материалдары («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, іс-шаралар жоспары) ашық отырыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: географиялық координаттары 43°50'11"с.ш., 51°40' 52" в.д. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz>), сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>.

ZOOM платформасында бейнеконференц байланыс арқылы онлайн қосылу үшін сілтеме бойынша ету қажет: <https://us04web.zoom.us/j/4956166428?pwd=PCcCwZADckXOPi0l4rW7ao0BCARZa.1>.

Конференция сәйкестендіргіші: 495 616 6428.

Рұқсат коды: 1234567.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 8 702 419 02 46 телефонына хабарласуға болады.

Бастамашысы: «Емір Ойл» ЖШС Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Дәулет а.о., Дәулет ауылы, 24-квартал, 57/2 құрылыс 1, БСН: 020340004531, тел: 8-729-229-0960, эл.пошта: k_koshanova@emiroil.kz.

Жобаны әзірлеушілер: «СК СИА Ойл» ЖШС ҚР Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жаңақоныс тұрғын алабы, Саяхат көшесі, 6-үй, БСН: 140140017481, e-mail: gul_shat_k@mail.ru

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz>) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Тасболат Ойл Корпорэйшн» ЖШС келесі жоба бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды: 1. ЦӨПС. Қабаттық суды дайындау жүйесі. 2. «Тасболат Ойл Корпорэйшн» ЖШС нысандарын жаңғырту. 3. «Тасболат Ойл Корпорэйшн» ЖШС нысандарын жаңғырту жобасы; 4. Маңғыстау облысындағы «Тасболат Ойл Корпорэйшн» ЖШС кен орындарында аспаптық электрмен жабдықтау нысандарын салу жобасы; 5. «2025 жылға арналған «Тасболат Ойл Корпорэйшн» ЖШС үшін атмосфераға ластанушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының (РЕШ) нормативтерінің жобасы. Түзету». 6. «2025 жылға арналған «Тасболат Ойл Корпорэйшн» ЖШС үшін қалдықтарды басқару бағдарламасы. Түзету». 7. «2025 жылға арналған «Тасболат Ойл Корпорэйшн» ЖШС нысандары үшін өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы. Түзету». 8. «2025 жылға арналған «Тасболат Ойл Корпорэйшн» ЖШС үшін қабатқа ластанушы заттарды рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы. Түзету». 9. 2025 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін жері: Қарақия ауданы, Мұнайлы ауылы, Салтанат көшесі, мәдениет үйінде, 31.01.25 жылы сағат 11.00-де Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Оңды ауылдық округі, Оңды ауылы орталық көшесі, 31.01.25 жылы сағат 15.00-де өкімшілік ғимаратында өтеді.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/3045740404>

7?pwd=ZHIFYmd3R0taaDgzam1ka3BuTTM4dz09.

Конференция идентификаторы: 304 574 0407. Кіру коды: FNGU02.

Учаскенің географиялық координаттары (бойлық және ендік) және есер ету аумағының географиялық координаттары:

Тасболат кен орны – 43023°28.64" СЕ 52018°2348" ШБ Түрікмен кен орны – 43о 33' 55" СЕ 52о 27' 55" ШБ Ақтас кен орны – 43о 27' 05" СЕ 52о 14' 50" ШБ.

Жоба тапсырушы: «Тасболат Ойл Корпорэйшн» ЖШС, БИ/Н: 060840001641, телефон: +7 701 367 8071, e-mail: Yekaterina.Arustamova@magnetic.kz

Жобаны әзірлеуші: ЖАК Пушкина Т.Г., ИИН 810704401030, телефон +7 702 2496442e-mail: ecolog-pushinka@mail.ru.

«Мұнай және газ жобалау институты» ЖШС, БСН: 050640018489, телефон: 8 702 157 27 94 e-mail: office@pinam.kz

«Caspian Engineering & Research» ЖШС, БСН: 030840001071, 8 7292 200 501 e-mail: General.O@nipicer.kz.

«ПИНАМ Групп» ЖШС, БСН: 050640018489, телефон: 8 702 157 27 94 e-mail: office@pinam.kz

Бірыңғай экологиялық порталда жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex>, сондай-ақ Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/activities/31823?lang=kk>.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда орналастырылған <https://ecoportal.kz>, сондай-ақ мына электронды мекен-жайы бойынша: g.tulembet@mangystau.gov.kz.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

30.09.2022 жылы Н.Т.Тлендиеваның атына берілген №2720 мүлкіті жеке иелікке беру туралы шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ТЕЛЕФОН:
20-48-42

Бұл бос орын сіздің

ЖАРНАМАҢЫЗҒА арналған